



Қазақстан Республикасы Президентінің "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 1 желтоқсан N 1793

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан республикасы Президентінің Жарлығы

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасының

К951000_

Конституциясы 44-бабының 8)
тармақшасына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бір айлық мерзімді әзірлесін және бекітсін.
3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігі Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асырудың барысы туралы жыл сайын 30 маусымға және 30 желтоқсанға жиынтық талдау баяндама ұсынсын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Астана, 2000 жылғы " ____ " _____
N _____

Жоба

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2000 жылғы " ____ " _____
N ____ Жарлығымен
бекітілген

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға
арналған
мемлекеттік бағдарламасы

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы Тілдерді қолдану мен дамытудың
2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасы

Әзірлеуге негіз Қазақстан Республикасы Президентінің
1998 жылғы 5 қазандағы N 4106

U984106_

Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен
дамытудың мемлекеттік бағдарламасының
3-тармағына, сондай-ақ Үкіметтің 2000 жылғы

R000367_

қаулысымен

бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл
бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі
іс-шаралар жоспарының 4.7.1.18-тармағына
және Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің "Тілдерді қолдану
мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу туралы"
2000 жылғы 23 маусымдағы N 92-ө

R000092_

өкіміне сәйкес әзірленген.

Негізгі әзірлеушілер Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі

Мақсаттары Қазақстан халықтары тілдерін дамытудың
ортақ міндеті үш негізгі мақсатты
анықтайды:

- 1) мемлекеттік тілдің әлеуметтік-
қарым-қатынастық қызметін кеңейту
мен нығайту;
- 2) орыс тілінің жалпы мәдениеттік
қызметін сақтап қалу;
- 3) этникалық топтардың тілдерін
дамыту.

Міндеттері Мақсаттарды іске асыру үшін мынадай
міндеттерді шешу көзделеді:
Мемлекеттік тілдің мемлекеттік
басқару тілі ретінде қолданылуын
қамтамасыз ету;

нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;
іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру кестесін (нақты мерзімдер мен шараларды көрсете отырып) белгілеу арқылы барлық мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іс жүргізудің негізгі тілі ретінде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету;
Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 және 93-баптарын жүзеге асыру мақсатында республика көлемінде республикалық және жергілікті бюджеттің, ұйымдардың қаржылары есебінен, сондай-ақ, қаржыландырудың басқа да көздері есебінен азаматтарға мемлекеттік тілді тегін үйрету курстарының бірыңғай жүйесін құру;
орыс тілінің мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми қолданылатын тіл ретінде қызмет етуін қамтамасыз ету;
орыс тілінің мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми қолданылатын тіл ретінде қызмет етуін қамтамасыз ету;
орыс тілінің қолданылуын ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан қамтамасыз ету;
этникалық қауымдастықтар (диаспоралар) өкілдерінің ана тілін үйренулері үшін мемлекеттік қолдау жасауды қамтамасыз ету.

Қаржыландыру көздері Бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті қаражат жыл сайын республикалық бюджетте көзделеді. Аймақтық және салалық бағдарламалар жергілікті бюджеттердің

есебінен және тиісті министрліктер мен ведомстволар үшін бюджетте көзделген қаржылар шегінде, сондай-ақ, басқа да көздерден қаржыландырылады. Бағдарламаны іске асыруға арналған бюджеттік қаражатқа ең аз есептік қажеттілік 3087,7 миллион теңгені құрайды. Оның жыл сайынғы көлемі тиісті жылға арналған мемлекеттік бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нақтыланатын болады.

Күтілетін нәтижелер	Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру Қазақстан аумағында пайдаланылатын тілдердің қажетті қызметтік ара қатынасының жетістіктерімен айқындалатын оңтайлы әлеуметтік-тілдік кеңістік құруды көздейді.
---------------------	---

2. Кіріспе

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) жүзеге асыру мерзімі жағынан 10 жылға арналған ұзақ мерзімді бағдарлама болып табылады. Бағдарламада Қазақстандағы тілдік құрылымның ұзақ мерзімді келешегінің түбегейлі мақсаттары мен міндеттері айқындалып, оларды жүзеге асырудың басты бағыттары мен жолдары белгіленген.

Белгіленген мақсаттарды, міндеттерді және басымдықтарды жүзеге асырудың нақты іс-әрекеттері бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралардың екі жылдық қысқа мерзімді жоспарлары түрінде жасалынады. Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарын әрбір келесі екі жылға уәкілетті орган жасап, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_7, 93-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Z970151_ Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі - "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заң), Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы N 3186 N963186_ өкімімен мақұлданған Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы N 4106 U984106_ Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік

бағдарламасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 P000367_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4.7.1.18-тармағына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу туралы" 2000 жылғы 23 маусымдағы N 92-ө R000092_ өкіміне сәйкес әзірленген.

Тілдік құрылым процестерінің оңтайлы жүруі этнолингвистикалық және мәдени сұраныстарды толыққанды іске асыруды қамтамасыз ете отырып, қоғамда азаматтық келісімді нығайтуға және оны одан әрі жұмылдыруға жағдай жасайтындықтан, мемлекет өмірінің аса маңызды әлеуметтік қырларының бірі болып табылады. Осыдан барып елімізде тілдерді дамыту мәселелерін мемлекеттік реттеудің қажеттілігі туындайды. Бұл мемлекеттік сәйкестік белгілерінің бірі болып табылатын мемлекеттік тілге қатыстылығы жағынан ерекше өзекті жағдай. Мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлі оның жоғары біріктірушілік әлеуетімен белгіленген, бұл оның дамуының басымдығын нықтайды. Бұл мемлекеттік тілдің дамуы басымдығын және іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіруді көздейтін Мемлекеттік бағдарламамен қамтамасыз етілетіндігі көрсетілген "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Z970151_ Заңның 23-бабында көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы N 4106 Жарлығымен Тілдерді қолдану мен дамытудың 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарламада "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңды іске асырудың бастапқы кезеңінде қысқа мерзімді негізгі міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған шараларды орындау жоспарланған болатын.

Бұл Бағдарламада тілдерді дамытудың ұзақ мерзімді келешекке бағытталған стратегиялық басымдықтарын жүзеге асыру көзделінген. Онда қоғамда оңтайлы әлеуметтік-коммуникативтік жүйені қалыптастырудың ағымды міндеттерінің жүзеге асырылуына қарай нақтыланатын қысқа мерзімді екі жылдық жоспарлар жасау үшін басты бағыттар айқындалған. Бағдарламаны даярлау Қазақстанда оңтайлы қызмет ететін тілдік кеңістік құру үшін мемлекеттік биліктің барлық тармағы мен тұтас алғанда қоғамның мақсатты, жүйелі қызметін жүзеге асырудың бірыңғай стратегиясын жасау қажеттілігінен туындайды.

3. Проблеманың қазіргі жағдайын талдау

1997 жылы "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заң қабылданған уақыттан бері және Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын 1998-2000 жылдар аралығындағы кезеңде іске асыру барысында қоғамдық өмірдің негізгі саласында тілдік құрылым үрдістерін одан әрі кеңейту мен тереңдету үшін

алғышарттар жасалып, негіз қаланды. Бұл - мемлекеттік органдар, ұйымдар мен жалпы қоғамның үйлесімді, мақсатты күш-жігерінің нәтижесі.

Қазіргі уақытта жалпы елде тілдер қолданысының дамуын табыспен жүзеге асырудың құқықтық негіздері қалыптасты. Тілдік құрылыс үрдістері қоғамда түсіністік пен қолдау тауып отыр.

Мемлекеттік органдар жүйесінде мемлекеттік тілге қажеттіліктің арту ағымы байқалды. Бұл орайда қазақ тұрғындары басым аймақтарда өте жоғары нәтижелерге қол жетті. Бұл әсіресе, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарына тән. Қазақстанның Солтүстік, Орталық және Шығыс облыстарында да мемлекеттік тілді дамыту бағытында белгілі бір деңгейде жұмыстар жүргізілуде. Орталық атқарушы органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған бірқатар қадамдардың арқасында оның қажеттілігінің ұлғаю үрдісі байқалады. Көптеген мемлекеттік органдар мен ұйымдарда іс қағаздары екі тілде - қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Алайда, қол жеткен нәтижелерге қарамастан, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің әлеуетін жүзеге асыру деңгейі әлі де төмен. Мемлекеттік қызметкерлер арасында мемлекеттік тілді еркін меңгергендер аз. Мемлекеттік тілде іс жүргізе алатын қызметкерлер бұрынғысынша жетіспейді. Сол себепті де бұл бағыттағы басты міндет білікті кадрлар даярлау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер жүйесіне мемлекеттік тілді енгізу басталды. Қазіргі заман әскери терминологиясының қалыптасуы көріне бастады. Алайда республикалық әскери құрамаларда күнделікті қызметтік міндеттерді орындау барысында мемлекеттік тілді қолдану шектеулі күйінде қалып отыр. Бұл жерде негізгі назарды арнайы әскери лексика құру мен мемлекеттік тілді үйрену мәселелеріне аудару қажет.

Білім беру жүйесінде мемлекеттік тілдің рөлі біртіндеп артып келеді. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мәліметі бойынша 1999-2000 оқу жылында республика мектептеріндегі 3,5 миллион оқушының бір жарым миллионнан астамы (50,6 пайызы) - қазақ тілінде, бір жарым миллионға жуығы (45 пайызы) - орыс тілінде, 80 мыңы - өзбек тілінде, 23 мыңы - ұйғыр тілінде, 2,5 мыңы - тәжік және мыңнан астамы басқа тілдерде оқыды. Қазақ тілінде оқытатын мектептердің жалпы саны біртіндеп өсіп, 2000 жылы республикадағы мектептердің жалпы санының 43 пайызына дейін жеткенмен, олар аймақтар бойынша, сондай-ақ, "қала-ауыл" схемасы бойынша біркелкі емес. Мұнымен қоса, қазақ тіліндегі сыныптардың тепе-теңдігі сақталмауына байланысты олар тиісті тілдік ортадан бөлініп қалған "аралас мектептер" деп аталатын мәселе тағы бар. Бұдан басқа, қазақ тілінде оқытатын мектептердің көбінде оқытудың орта деңгейі оншалықты жоғары еместігін көрсетуде. Басқа тілдерде оқытатын мектептер туралы да осыны айтуға болады. Жеткілікті түрде бай оқу-әдістемелік қуаты тарихи қалыптасқан орыс тілінде оқытатын мектептерде бұл

мәселелер соншалықты өзекті болып отырған жоқ.

Егер мемлекеттік тілде білім беретін мектептер саны өсіп келе жатса, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің саны азайып келеді. Мәселен, 2000 жылы олардың саны бар болғаны 1158. Әсіресе, мемлекеттік тілдегі мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің мәселесі өткір болып отыр, 2000 жылы мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің жалпы санының 25 пайызынан аспайды. Осылайша, лингвистикалық тұрғыдан аса зерек ұрпақ тілдік қатынастарды мемлекеттік реттеу саласының назарынан тыс қалуда.

Республиканың жоғары оқу орындарында 75 мамандықтан астамында сабақ мемлекеттік тілде жүргізіледі. Қазақ тілінде оқыту бөлімдерінде оқитын студенттердің саны 2000 жылы барлығы 32 пайыз құраса, орыс тіліндегі бөлімдердегі студенттердің саны 68 пайызды құрайды. Қазақ тілінде оқыту бөлімдерінің жалпы алғанда өсуіне қарамастан, осы тілде оқытылатын мамандықтар санын көбейтуге назар аудару керек. Бұл орайда 1998-1999 оқу жылдарында жоғары және орта арнаулы оқу орындарында "Мемлекеттік тілде іс жүргізу" мамандығы ашылуы үлгі бола алады.

Мемлекеттік тілді үйретуде оқытудың тиімді әдістемесін әзірлеу, дыбыс-бейне құралдарын, компьютерлік технологияны пайдалану нәтижесінде үлкен мүмкіндіктер тууда. Мысалы, бүгінгі күні орталық атқару органдарында мемлекеттік тілде электронды құжат айналымын, сканер арқылы қазақ қаріптерін тану, қазақ тілі орфографиясын тексеру, мәтіндерді қазақ тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне автоматты аударуды қамтамасыз ету жөнінде компьютерлік бағдарламалар әзірленіп, орнатылды.

Мемлекеттік тіл алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі, оның жаңа әлеуметтік-мәдени кейіпті көрсетудегі мүмкіндігін кеңейту болып табылады. Бұл бағытта мақсатты түрде ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Басты назар қазақ тілінің терминологиялық базасын құру мен жетілдіруге аударылып отыр. Мемлекеттік терминологиялық комиссия 600-ден астам жаңа терминді бекітті, бірінші рет үлкен 31-томдық салалық терминологиялық сөздіктер шығару жүзеге асырылуда.

Қолданылып жүрген заңнамалармен анықталынған фонетикалық, таңбалау және лексикалық қағидаттарға сәйкес тарихи атауларды қалпына келтіру және республика аумағындағы топонимдік және басқа да атауларды реттеу қызметі белсенді жүргізілуде. Бүгінде 60-қа жуық аудан, 8 қала, 400-ге жуық ауыл мен кент, 600-ге тарта білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау мен басқа да нысандар жаңа атаулар алды.

Мемлекеттік тілде қорғалған кандидаттық және докторлық диссертациялардың жалпы саны өскені байқалады. Алайда, олардың жалпы саны әлі де мардымсыз - 1999 жылы ол республикада қорғалған барлық диссертацияның 15 пайызынан асқан жоқ.

Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары салаларында мемлекеттік тілді дамытуда біраз ілгерілеуге қол жетті. Қазақ тіліндегі телехабарлардың көлемін ұлғайту бағытында айтарлықтай оңды қадамдар жасалды. Бұл орайда қазақ тілінде хабар

тарататын арнайы телеарнаның ашылғанын атап айтуға болады. 2000 жылы телеарналардың басым көпшілігі, 192 арнаның 144-і екі тілде хабар таратты. Әйтсе де, заңмен белгіленген мемлекеттік тілде және басқа тілдерде хабар тарату уақытының сандық арақатынасы көп жағдайда сақталып отырған жоқ.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдар жүйесінде, еліміздің Қарулы Күштерінде, халыққа қызмет көрсету, мәдениет пен өнер салаларында ресми қолданылатын тіл жағдайы әлі де күшті. Орыс тілінің білім мен ғылымдағы басымдығы сақталуда, ол бұқаралық ақпарат құралдары саласында жетекші тіл. Мысалы, 2000 жылы елімізде 2365 орыс тілінде оқытатын мектеп, орыс тілінде оқытатын сыныптар айқын көп 2055 аралас мектеп бар, орыс тілінде 393 атаулы газет, 78 журнал шықса, 20 телеарна жұмыс істейді.

Мемлекет диаспоралар тіліне қолдау көрсетеді. Ана тілі мен мәдениетін үйрену мақсатында елімізде ана тілін оқыту бойынша жексенбілік мектептер жүйесі құрылған. 1999-2000 оқу жылында осындай 14 мектеп жұмыс істеді. Олардың бәріне де мемлекет тарапынан көмек жасалынады. Жексенбілік мектептердің бірыңғай ережесі дайындалды. Оқытудың мұндай түрі өзін жақсы жағынан көрсетіп үлгерді және болашағынан үміт күттіреді. Елімізде диаспоралар тілінде 11 газет шығып, 12 тілде телехабарлар жүргізіледі.

4. Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері

Республикадағы Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген және "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңда өз көрінісін тапқан лингвистикалық кеңістікті қалыптастырудың қызметтік қағидаттарына сәйкес тілдік құрылысты сараланған көзқарастар негізінде: 1) мемлекеттік тілді дамыту, 2) орыс тілін дамыту, 3) Қазақстан халықтарының басқа тілдерін дамыту бағыттары бойынша жүзеге асыру орынды болып табылады.

Сараланған көзқарастар қызмет ететін тілдік топтардың әрқайсысының алдында тұрған міндеттердің айырмашылықтарымен анықталған. Мәселен, қазақ тілін дамыту бағыты оның мемлекеттік мәртебесін жүзеге асыру қажеттілігімен айқындалады; орыс тілін қолдануды қамтамасыз ету қызметінің басты бағыты білім беруде, ғылымда, мәдениет пен өнерде жалпы пайдаланылатын тілдік қызметті сақтап қалу болып табылады; этникалық топтардың лингвистикалық сұраныстарын қанағаттандыру ана тілдерін табысты үйрену мүмкіндігін жүзеге асыруды, оны қарым-қатынас, тәрбие және шығармашылық тілі ретінде пайдалануды талап етеді.

Осылайша, Қазақстан халықтары тілдерін дамытудың ортақ міндеті үш негізгі мақсатты анықтайды:

1) мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қарым-қатынастық қызметін кеңейту мен нығайту;

- 2) орыс тілінің жалпы мәдениеттік қызметін сақтап қалу;
- 3) этникалық топтардың тілдерін дамыту.

Бірінші мақсатқа қол жеткізу өз кезегінде мына міндеттерді шешуді талап етеді:

1.1. Мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз

е т у :

1.1.1 - нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;

1.1.2 - мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті деңгейде меңгеруі үшін шаралар қолдану;

1.1.3 - мемлекеттік органдар жүйесінде мемлекеттік тілдің қызметтік қарым-қатынастың негізгі тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;

1.1.4 - мемлекеттік органдарда кесімдерді әзірлеу мен қабылдауда мемлекеттік тілдің негізгі тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;

1.1.5 - сот ісі, сондай-ақ, әкімшілік құқық бұзушылық ісі бойынша іс жүргізудің негізгі тілі ретінде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету;

1.1.6 - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде, сондай-ақ әскери және әскерилендірілген құрамалардың барлық түрінде, мемлекеттік бақылау және қадағалау ұйымдарында, азаматтарды құқықтық қорғау және құқық қорғау органдарында мемлекеттік тілдің қолданылуы үшін шараларды қамтамасыз ету;

1.1.7 - іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру кестесін (нақты мерзімдер мен шараларды көрсете отырып) белгілеу арқылы барлық мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іс жүргізудің негізгі тілі ретінде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету;

1.1.8 - мемлекеттік тілдің халықаралық қызметте қолданылуын қамтамасыз ету.

1.2. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жағдай жасау :

1.2.1 - Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 және 93-баптарын жүзеге асыру мақсатында республика көлемінде республикалық және жергілікті бюджеттің, ұйымдардың қаржылары есебінен, сондай-ақ, қаржыландырудың басқа да көздері есебінен азаматтарға мемлекеттік тілді тегін үйрету курстарының бірыңғай жүйесін құру ;

1.2.2 - ғылым, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету салалары қызметкерлерінің мемлекеттік тілді тиісті мөлшерде меңгеруі үшін құқықтық, ұйымдастыру шараларын және материалдық-техникалық жағдай жасалуын қамтамасыз ету ;

1.2.3 - меншік нысанына қарамастан барлық түрдегі мектеп жасына дейінгі тәрбие мекемелерінің, жалпы білім беретін мектептердің, орта арнаулы және жоғары оқу орындарының тәрбиеленушілері мен оқушыларының мемлекеттік тілді меңгеру саласындағы білімі мен біліктерінің жоғары деңгейге жетуін қамтамасыз ету.

1.3. Ғылыми-лингвистикалық зерттеулерді және олардың нәтижелерін іске асыруды жеделдетуді іске асыру жолымен қазіргі заманғы әдеби тілдің қалыптарын бірыңғайлауды қамтамасыз ету:

1.3.1 - қазіргі заманғы әдеби тіл сөзжасау үрдістерінің, оның ішінде термин жасау қағидаттарын ғылыми негізде тәртіпке келтіру, қазақ тілінің толыққанды терминологиялық жүйесін енгізу;

1.3.2 - қазіргі заманғы қазақ тілінің жалпытілдік әдеби қалыптарын тәртіпке келтіру;

1.3.3 - қазақ тілінің фонологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ әліпбиі мен орфографиясын жетілдіру шараларын қабылдау;

1.3.4 - ономастика мәселелерін ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету.

1.4. Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету:

1.4.1 - кино және бейне өнімдерді, оның ішінде мультипликациялық фильмдерді (аударма өнімдерді қоса алғанда) қазақ тілінде шығару мен тарату (телеарналарда көрсету) шараларының жүйесін ұйымдастыру;

1.4.2 - мәдениет, ғылым, көркем әдебиет пен өнердің әртүрлі саласында

мемлекеттік тілдегі баспа өнімдерін шығаруды қамтамасыз ету;

1.4.3 - мемлекеттік тілде мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастыру;

1.4.4 - мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған жұмысты ақпараттық-насихаттық қолдау;

1.4.5 - бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету;

1.4.6 - мемлекеттік тілді компьютерлендірудің мәселелерін шешу.

Орыс тілінің жалпы мәдениеттік қызметін сақтап қалу мақсатына жету үшін мынадай міндеттерді шешуге ұмтылу қажет:

2.1. - орыс тілінің мемлекеттік ұйымдарда ресми қарым-қатынас тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;

2.2. - орыс тілінің ғылым мен білім беру салаларында қолданылуын қамтамасыз ету;

2.3. - орыс тілінің мәдениет пен бұқаралық ақпарат құралдары салаларында қолданылуын қамтамасыз ету;

2.4. - орыс тілінің қолданылуын ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан қамтамасыз ету.

Этникалық топтардың тілдерін дамыту мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу талап етіледі:

3.1. - этникалық қауымдастықтар (диаспоралар) өкілдерінің ана тілін үйренулері үшін мемлекеттік қолдау жасауды қамтамасыз ету;

3.2. - этникалық қауымдастықтар тілдерінің мәдениет саласында қолданылуын қамтамасыз ету;

3.3. - этникалық қауымдастықтар тілдерінің бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылуын қамтамасыз ету.

5. Тілдерді дамытудың басым бағыттары мен Бағдарламаны іске асыру жолдары

Жоғарыда аталған қызмет ететін тілдік үш топ үшін дамудың басым

бағыттары алға қойылған мақсаттар мен міндеттерден туындай отырып, қалыптасады. Осылайша, басымдықтарды таңдау олардың әрқайсысы үшін заңмен анықталған әлеуметтік қызметтермен тікелей байланыста болады. Басымдықтар сатылық тәртіппен тізбектеледі:

1-басымдық

Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету.

2-басымдық

Мемлекеттік тілді мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісі және іс қағаздарын жүргізу салаларында, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдарында, халықаралық қызметте дамыту.

3-басымдық

Білім беру және тілдерді үйрену салаларында тілдің дамуы.

4-басымдық

Ғылыми қамтамасыз ету.

5-басымдық

Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету салаларында тілдің дамуы.

Тілдік дамудың осы басым бағыттарының әрқайсысы олардың алдарындағы міндеттеріне сәйкес Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралардың қысқа мерзімді жоспарының негізіне жатады.

5.1. Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Тілдерді дамытуды құқықтық қамтамасыз етудегі маңызды міндеттердің бірі - іс-қызметтері әлеуметтік қарым-қатынас жасаумен тікелей жүзеге асатын қоғамдық

өмірдің бірқатар салалары қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеруіне қатысты құқықтық бекітілген талаптарды даярлау. Бұл ең алдымен, мемлекеттік қызмет, денсаулық сақтау, білім беру, ғылым, мәдениет, тұрғындарға қызмет көрсету, көлік, байланыс салалары. Осыған байланысты, мемлекеттік тілді меңгеруі біліктілік талаптарына сай және белгілі бір деңгейде білуі қажетті кәсіптер, мамандықтар мен лауазымдар тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) заңмен анықталынуы тиіс. Тізбе "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының үшінші бөлігіне сай Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді. Жекелеген кәсіптер, мамандықтар мен лауазымдарға қатысты нормативтік талаптардың күшіне енуі саралануы тиіс. Осылайша, жекелеген лауазымдардың мемлекеттік тілді меңгеруіне қатысты нормативтік талаптардың күшіне ену барысы үйренуге қажетті кеңістікті құруға мүмкіндік беретіндей кезең-кезеңімен жүргізіледі. Оның үстіне, Тізбені қалыптастыру барысы жаңа кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың біртіндеп қосылуын көздеуі қажет.

Тілдерді дамытуда қосымша ынталандыру шараларымен нығайтылмаған әкімшілік әдістер жеткілікті түрде тиімді бола бермейтінін тәжірибе көрсетті. Сондықтан да, ықпалдау шараларымен бірге ынталандыру әдістерін де кеңінен енгізу қажет. Мемлекеттік тілді өз қызметтерінде қолданатын мемлекеттік органдар, ұйымдар мен мекемелер қызметкерлерін материалдық ынталандырудың тиімді жүйелерін құрудың құқықтық негіздерін даярлау қажет. Аталған мәселені шешу мемлекеттік тілді өз еріктерімен меңгеруде тиімді әдістердің бірі болуы тиіс.

Сонымен қатар, тіл заңдылықтарының бұзылуына кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту мәселесі іс жүзінде шешілуді талап етеді. Оның негізгі ережелерін бұзғаны үшін жауапқа тартудың пәрменді жүйесін жасау қажет.

Тіл саласындағы қатынастарды реттеуші заңнамаларды ары қарай жетілдіру тіл құрылысының өзекті талаптарынан шығуы шарт. Мысалы, мемлекеттік органдардағы аудармашылық қызметті реттеудің құқықтық жолдарын даярлау талап етіледі. Республикадағы географиялық атауларды қолдануды реттеуші заң жобасын жасау да қажет. Мемлекеттік және орыс тіліндегі нормативтік құқықтық кесімдердің дәлме-дәлдігі мен олардың ресми істе қолданылу тәртібі мәселелері де нормативтік реттеуді қажет етеді. Қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдердің тіл туралы заңдылықтарға сәйкес келуіне назар аудару қажет.

5.2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарындағы тіл

Мемлекеттік тілдің мемлекеттік органдар жүйесінде қолданылуы саласын ары қарай кеңейту, мемлекеттік тілді меңгеруі уақыт өте келе мемлекеттік қызметкерлердің барлық санаты үшін біліктілік талаптары мен қызметтік міндеттеріне қарамастан міндетті қалып болып табылуға тиіс кадрлардың тілдік даярлығын талап етеді. Осы

әртүрлі оқу және тәрбие мекемелеріне аударылып отыр. Талап етілетін білім мен біліктілікті толық және терең меңгеру үшін қажетті үздіксіздік ұстанымы: мектепке дейінгі мекеме - мектеп - жоғары (орта арнаулы) оқу орны классикалық үлгісін құру жағдайында ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Алайда, мұндай үлгі, оның жоғары сандық көрсеткіштері бола тұра, талап етілетін сапалық қырларын қамтамасыз ете алмайды, яғни, тұрғындардың барлық тобын қамтымайды. Осыдан барып, республика азаматтарын тілдік даярлаудың басқа да жолдары мен тәсілдерін жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Алғашқы әлеуметтік қарым-қатынас білігін балалардың өз құрдастарымен араласу барысында алатынын ескере отырып, олардың бірінші тілдік даярлығында мектепке дейінгі мекемелер зор роль атқаруы тиіс. Сол себепті де, олардың санын көбейту жөніндегі барлық мүмкін шараларды қолға алу керек. Оның ішінде, қазақ тіліндегі мектепке дейінгі мекемелер жүйесін кеңейтуге назар аударылуы қажет.

Тілдік даярлықты ұйымдастыруды қамтамасыз етуде жалпы білім беретін мектептер үлкен мүмкіндіктерге ие. Бұл жерде оқушыларды отандық оқулықтардың жаңа буынымен қамтамасыз ету маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ең алдымен бұл қазақ тілінде білім беретін мектептерге қатысты. Қазіргі заманғы оқулықтар өзбек, ұйғыр және басқа тілдердегі ұлттық мектептерге де қажет. Қазақстанның әлеуметтік-мәдени жағдайына лайықталған орыс тіліндегі оқулықтар шығаруды ұйымдастыру керек.

Оқу орындарын бітірушілердің мемлекеттің әлеуметтік кеңістігіне еркін енуі мақсатында меншік түріне қарамастан барлық оқу орындарындағы жетекші пән болуы тиіс мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу қажет. Және бұған қажетті сағат саны басқа тілдерді оқытудың есебінен емес, оқу процесін ортақ ыңғайластыру нәтижесінде бөлінуі тиіс.

Мемлекеттік тілдің жоғары оқу орындарындағы жағдайы әлі де жақсартуды қажет етеді. Бұл жекелеген пәндерді оқыту сапасымен қатар, олардың санына да қатысты. Жоғары оқу орындары ұсынатын қазақ тілінде оқытылатын мамандықтар шеңбері мүмкіндігінше шаруашылық, мәдени, қоғамдық және басқа да қызметтер саласын қамти отырып, кеңейтілуі керек.

Тілдерді тиімді үйрену саласындағы мүмкіндіктерді кеңейту мен тереңдету үшін дәстүрлі оқу орындарындағыдан басқа да жолдар мен әдістер керек екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Атап айтқанда, бұл халықтың түрлі оқу орындарында үйрену мүмкіндігі жоқ ересек тобына қатысты. Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдық, материалдық-техникалық жағдай жасау жөніндегі Конституцияның 93-бабының талабы аталған топтың да қамтылуын көздейді. Өз бетімен үйренуге арналған теле-радио бағдарламалар, газеттердегі арнайы жарияланымдар сияқты қазақ тілі сабақтарын өткізудің түрлі әдістерін кең енгізу қажет.

Алайда, бұл жерде басты бағыт мемлекеттік тілді жедел үйретуге арналған тегін тілдік курстар жүйесін ұйымдастыру мен қолдануға аударылуы тиіс. Мұндай курстар жұмыс орындарында арнайы нормативтік кесімге сай құрылуы қажет. Курстарда оқудың нәтижелілігіне мүдделілікті көтерудің тиімді жолдарын әзірлеуге мән беру керек. Курстарда оқудың нәтижесі қызметкердің негізгі кәсіби қызметі нәтижесімен бір деңгейде қарастырылуы қажет. Аталған тәртіп тіл заңнамалары талаптары таралатын қоғамдық қызмет салалары үшін міндетті болуы керек. Курстарды ұйымдастыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қосымша қаржылай қолдау Қазақстан халықтары тілдерін қолдау қорын құру арқылы жүргізілуі мүмкін.

Қолданылып жүрген заңнамаларға сай ресми түрде пайдаланылатын тілдің қызметі қоғамдық өмірдің барлық саласында іс жүзінде тұрақты болып отыр, бұл жерде мемлекет әрекеті осы қалыпты сақтауға бағытталады.

Қазақстан халықтарының тілдерін қолдау мақсатында ана тілдері мен мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдау туралы конституциялық құқықты жүзеге асыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету қажет. Ана тілдерін үйрететін үлгілі жексенбілік мектептер тәжірибесін жинақтау мен тарату орынды. Жексенбілік мектептерге мүмкіндігінше қолдау, оның ішінде кітап және оқу-әдістемелік қорларын құруға көмек көрсету керек. Орта арнаулы және жоғары оқу орындарында ұлт тілдерін оқытушы мамандарды даярлауды жалғастыру қажет.

5.4. Ғылыми қамтамасыз ету

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін жүзеге асыру әлемдік тіл дамыту тәжірибелеріне сәйкес жаңа әлеуметтік-мәдени және ғылыми болмыстардың аясында, оның лексикалық және семантикалық диапазоны мүмкіндіктерін кеңейтуді талап етеді. Бұл саладағы негізгі міндет терминологиялық шығармашылықты қоса айтқанда жаңа лексикалық бірліктерді енгізуді бірыңғайлау болып табылады. Терминологиялық жұмыстардың негізгі қағидаттарын әзірлеу қажет. Терминологиялық шығармашылық еліміздің Үкіметі бекіткен арнайы бағдарлама негізінде жоспарлы түрде жүзеге асырылатын қызмет жүйесінің бірыңғай қағидаттарына сүйенген орталықтандырылған, ғылыми негізделген жұмыс болуы міндет.

Қазіргі әдеби қазақ тілінің грамматикалық қалыптарының бірізділігін қамтамасыз ету мақсатында орфографиялық кеңес құру мүмкіндігін қарастыру керек. Оның қатысуымен қазақ әліпбиі мен орфографиясын жетілдіру жұмыстарын жалғастырған жөн.

Қазақ тіліндегі ғылыми шығармашылықты ары қарай дамыту да өзекті жай. Бұл мақсатта диссертация қорғау жөніндегі ғылыми кеңестер қызметін кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге көшіру жұмыстарын жалғастырған жөн.

Мемлекеттік тілді дамыту мәселелерін ғылыми қамтамасыз етуде А.Байтұрсынов

асырылуы тиіс. Бұдан бұрынғы Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру іс-тәжірибесі - орындалуы қысқа мерзімге есептелген шаралар жүйесін жүзеге асыру шешімі ағымдағы болашаққа белгіленген әлеуметтік-лингвистикалық ахуалдағы өзгерістерді неғұрлым оңтайлы ескеруге мүмкіндік беретінін көрсетеді. Ұзақ мерзімді келешекті ескере отырып жасалған осындай ағымдық жоспарлау аса нақтылығымен және нәтижелі болудағы дәйектілігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, бұл тікелей орындаушылардың жауапкершілігін, Бағдарламада қарастырылған шараларды іске асыруға бақылауды қамтамасыз ету мүмкіндіктерін көтеруге ықпал етеді.

Бағдарлама мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда оның аймақтық және әлеуметтік ауқымын кеңейтетін аймақтық және салалық бағдарламалар зор міндет атқарулары тиіс.

Бағдарлама шараларын жүзеге асыруда олардың іс жүзінде орындалатын тиімді және дәйекті мүмкіндіктері қамтамасыз етілуі қажет.

Бағдарламаны іске асыру шараларының тиімділікпен жүзеге асырылуы мынандай негізгі қағидаттарды орындағанда ғана мүмкін:

1) сандық және сапалық деңгейін тұрақты өсіруді (жинақтауды) қамтамасыз етуді көздейтін кезеңдік және ұдайылық;

2) орындалуын қатаң бақылаумен ұштастыратын жан-жақты мемлекеттік қолдау;

3) тілді меңгеру саласындағы талаптарды мемлекеттік тілді еркін және тегін үйренуге мүмкіндіктер жасалумен ұштастыру;

4) моральдық және материалдық мүдделілік жағдай жасау;

5) қоғамдық пікірді белсенді түрде қалыптастыру;

6) тілдік құрылысты жүзеге асыру барысында қызмет ететін тілдік тепе-теңдікті сақтау;

7) тілдердің дамуын қаржылық жағынан қамтамасыз ету.

6. Бағдарламаны қаржыландыру

Бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті қаражат жыл сайын республикалық бюджетте көзделеді. Аймақтық және салалық бағдарламалар жергілікті бюджеттердің есебінен және тиісті министрліктер мен ведомстволар үшін бюджетте көзделген қаржылар шегінде, сондай-ақ басқа да көздерден қаржыландырылады.

7. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтиже

Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру Қазақстан аумағында пайдаланылатын тілдердің қажетті қызметтік ара қатынасының жетістіктерімен айқындалатын оңтайлы әлеуметтік-тілдік кеңістік құруды көздейді.

Б ұ л

м ы н а л а р :

- 1) қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іс жүзінде жүзеге асыру. Оның заң жүзінде бекітілген әлеуметтік қызметтерін республика аумағында қоғамдық қарым-қатынастардың барлық саласында жүзеге асыру;
- 2) орыс тілінің конституциялық кепілдік берілген негізгі қызметтерін

толық көлемінде сақтау. Ол мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми пайдаланылатын тіл болып қалады, оның білім беру, ғылым, мәдениет және басқа да қоғамдық мәні бар салаларда қолданылуы қамтамасыз етіледі;

3) әркімнің ана тілі мен мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алу жөніндегі конституциялық құқығын іске асыруға жағдай жасау үшін Қазақстан халықтары тілдерінің одан әрі дамуы қамтамасыз етіледі.

2001-2010 жылдарға арналған Бағдарламаны
қаржыландыру көлемі (млн. теңге)
(2000 жылдың көрсеткіші бойынша)

Іс-шаралардың атауы ! Аяқтау нысаны ! Орындау ! Орындауға
! ! мерзімі ! жауаптылар

1. Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету ету Нормативтік құқықтық кесімдердің жобалары, Қазақстан Республикасы заңдарының жобалары, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының жобалары 2001-2010 МАҚМ, ЕХҚМ, жылдар ҚарМ, ӘдМ, ЖРА, МҚА
2. Тілдердің мемлекеттік басқару және іс қағаздарын жүргізу саласында, заң, сот ісінде қолданылуы Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп 2001-2010 МАҚМ, БҒМ, жылдар ЭИСМ, МҚА, ҚорМ, ИМ, Бас прокуратура (келісім бойынша), Жоғары Сот (келісім бойынша),

облыстардың,
Астана және
Алматы
қалаларының
әкімдері

3. Тіл - білім беру Қазақстан 2001-2010 БҒМ, МАКМ,
саласында және тілдерді Республикасының жылдар облыстардың,
үйрету Үкіметіне есеп Астана және
Алматы
қалаларының
әкімдері

4. Ғылыми-лингвистикалық Қазақстан 2001-2010 МАКМ, БҒМ, ЖРА
қамтамасыз ету Республикасының жылдар
Үкіметіне есеп

5. Тіл-мәдениет, Қазақстан 2001-2010 МАКМ, БҒМ, ЖАҚ
бұқаралық ақпарат Республикасының жылдар "ҚР ТРК"
құралдары және халыққа Үкіметіне есеп (келісім
қызмет көрсету бойынша),
салаларында "Хабар
агенттігі" ЖАҚ
(келісім
бойынша), ККМ,
ЭИСМ, ДСА

таблицаның жалғасы:

Қаржыландыру көздері, көлемі
Республикалық бюджет Жергілікті бюджет Басқа да көздер
2001 ! 2002 ! 2003 ! 2004 ! 2005 ! 2006 ! 2007 ! 2008 ! 2009 ! 2010

Республикалық бюджет										
8,8	6,2	7,5	9,0	8,1	9,2	9,0	10,2	11,1	12,4	
Жергілікті бюджет										
7,3	6,8	6,5	7,7	7,3	7,5	7,8	8,1	9,4	9,3	

Республикалық бюджет
25,0 28,1 28,4 31,2 32,4 33,8 35,2 37,1 38,2 38,1

Жергілікті бюджет
38,6 40,2 40,6 42,4 44,1 46,1 47,0 49,2 50,8 51,8

Республикалық бюджет
20,8 24,5 25,9 26,8 27,9 28,1 30,3 31,3 32,0 34,2

Жергілікті бюджет
41,3 44,1 44,3 46,1 48,9 49,2 51,4 52,1 52,9 54,2

Басқа да көздер
2,2 2,5 2,3 2,8 2,7 2,5 2,4 2,1 3,1 3,3

Республикалық бюджет
15,5 18,1 21,3 20,9 25,1 23,1 25,1 26,2 26,8 28,3

Жергілікті бюджет
14,6 16,2 17,1 16,8 15,9 16,1 18,4 18,1 18,4 19,0

Республикалық бюджет
29,4 28,6 26,5 27,9 25,9 29,0 28,8 29,3 31,6 32,1

Жергілікті бюджет
58,4 56,9 60,8 59,8 63,2 64,3 63,8 65,0 67,2 68,1

Басқа да көздер
2,5 2,3 2,6 3,1 3,2 3,4 3,0 3,4 3,4 3,5

Барлығы
265,4 274,5 283,8 294,5 304,7 312,3 322,2 332,1 344,9 354,3

Жиыны:
3087,7 млн. теңге

2001-2010 жылдарға арналған Бағдарламаны іске асыруға арналған бюджеттік қаражатқа ең аз есептік қажеттілік 3087,7 миллион теңгені құрайды.

Оның жыл сайынғы көлемі тиісті жылға арналған мемлекеттік бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нақтыланатын болады.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК